**КЕЛІСІЛДІ**
Бурабай ауданы бойынша
білім бөлімінің басшысы
_________ Ж.М. Тулегенов

**БЕКІТІЛДІ**
Обалы ауылының негізгі орта
мектебінің директорының м.а
_________ К.Б. Ахметова

# Обалы ауылының негізгі орта мектебінің «Балапан» шағын орталығының 2022 -2023 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Орындаған: «Балапан» шағын орталық меңгерушісі ________ А.Б.Токенова

Тексерді: Мектепке дейінгі тәрбие әдіскері ________ А.Т. Кажкенова

Бас есепші:________ Б.З. Жакенова

# ТҮСІНІК ХАТ

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру үшін ҚР оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды. Осы Стандарттың негізінде жасалған және 2022 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізілген Үлгілік оқу жоспары қоланылатын болады.

Педагогтерге бағыт бағдар ретінде, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы «әдістемелік нұсқаулық хат» негізге алынады www.irrd.kz

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беруорта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

*Тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асыруда тәрбиешілер мен педагогтер ҚР ОАМ №130 бұйрығымен бекітілген 3 құжатты жүргізеді: перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.*

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

*Стандарт негізінде және ҮОЖ сәйкес* физикалық дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру)

2) сөйлеуді дамыту;
3) көркем әдебиет;
4) сауат ашу негіздері;
5) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
6) сенсорика;
7) математика негіздері;
8) құрастыру;
9) қоршаған ортамен таныстыру;
10) сурет салу;
11) мүсіндеу;
12) жапсыру;
13) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын дамытуға және түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.**

**Мектепке дейінгі даярлық сыныптары үшін каникул күндері мектептердің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгіленеді** *(ҚР ОАМ №385 бұйрығы).*

Тәрбиелеу-білім беру процесі:
- перспективалық жоспарға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

**Перспективалық жоспар** – әрбір айға білім беру ұйымының кестесіне сәйкес Үлгілік оқу жоспарында айқындалған ұйымдастырылған іс-әрекеттері бойынша тәрбиешімен, денешынықтыру нұсқаушысымен, қазақ тілі мұғалімі және музыка жетекшісімен құрылады. Перспективалық жоспарда ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыбы мен Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес міндеттері айқындалады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерініңұзақтығы 25-30 минутты құрайды.

Циклограмманың «ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімінде Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары және түрлі балалар әрекеттері айқындалады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес топтардың толықтырылуы:

1) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) - 25 баладан артықемес.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес

«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесінің ұйымдасытрудың ерекшеліктері туралы» ӘНХ .» 64-65 бет мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес педагог келесі функцияларды атқарады:

- ✓ перспективалық жоспарды және циклограмманы (балалардыңмектепалды сыныбында болатын мерзімге) құрастырады;
- ✓ ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- ✓ таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.),серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- ✓ балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг(бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ✓ ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- ✓ білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады;(жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бірінші сынып оқушысының мектепте оқуға қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептер жанынан жазғы кезеңде мектеп жасына жеткен, бірақ мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін қысқа мерзімді (2 аптадан 1 айға дейін) мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

Қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – бастауыш мектепте оқуға балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін және мектеп жағдайларына табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру.

Курстардың мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік

бағдарламасының негізінде әзірленген (www.irrd.kz) және балалар әрекетінің түрлерін кіріктіру арқылы іске асырылады.

Курс балаларда мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабақтар жүйесін ұсынады. Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі – ойын-сабақтар. Барлық сабақтар балаларға қызықты саяхат ретінде (мысалы, квест, логикалық ойындар, саяхат сабақ т. б.) өткізіледі, олардың барысында бала оқу міндеттерін қолжетімді тәсілдермен шешуге үйренеді.

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары 2022 – 2023оқу жылы**

| № р/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Аралас топ | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 жастан бастап | 2 жастан бастап | 3 жастан бастап | 4 жастан бастап |
| 1 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 |
| | Дене шынықтыру*** | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын |
| 3 | Сенсорика | Күн сайын | Күн сайын | | |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын |
| 5 | Сурет салу | - | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын |
| | Жапсыру | - | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын |
| | Құрастыру | - | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын |
| 6 | Музыка | 1 | 1 | 2 | 2 |
| | Музыка *** | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын | Күн сайын |

Ескерту:
*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.
** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.
*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка

тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы
балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.
**** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі
ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

# Мектепалды  сыныбына арналған

# мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

| № р/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті | Аптасына өткізілу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| № 1 | *Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті | Аптасына өткізілу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
| | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| 2 2 | Дене шынықтыру ** | күн сайын | |
| | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| 3 | Қазақ тілі *** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық, зерттеу әрекеттері | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | | 2 сағат |
| 6 | Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу | күн сайын | |
| | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| 7 7 | Құрастыру | күн сайын | |
| | Шығармашылық әрекет, бейнелеу | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| 8 | Музыка **** | күн сайын | |
| 8 | Барлығы | - | 20 |
| | **Ескерту** | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Ұйымдастырылған іс-әрекет<br><br>(«Педагог мәртебесі туралы» Қазакстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-YI ҚРЗ Заңының 8-бабы). «2022-2023 оку жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу –тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» БАИ 64-65б.) | | 4 сағат |
| | Барлығы | | 24 |

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу- білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі- Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметтінің үлгілік қағидаларына бекіту туралы» Қазақстан  Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылға 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген ) (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі- Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі- Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Обалы ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің**

**№ 2 шағын педагогикалық кеңестің хаттамасы**

**Өткізілген күні: 11.10.2022 ж.**

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

**1.Мектепалды даярлық сыныбында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы.**

Сөйледі: К.Б. Ахметова –директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:
1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында

кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі Боранбаева А.Д. келесі функцияларды атқарады:

- перспективалық жоспарды және циклограмманы (балалардың мектепалды сыныбында болатын мерзімге) құрастырады;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

**Шешім**: Мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі Жоломанова Г.К. ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізсін, циклограммада 4 сағат көрсетілсін.

Төрайымы: К.Б.Ахметова

Хатшы: Г. Сексенбаева